

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

2. Cameiro 1981; Feinman, Neitzel 1984; Spencer 1987, etc. С. 13
3. Васильев Л.С. 1980; 1981; Крадин 1995. С 23.
4. Service 1962; 1963; 1975. С. 15.
5. Earle 1997: 121. С. 24.
6. Хазанов А.М. Военная демократия и эпоха классовообразования // Вопросы истории. 1968, № 12. С. 34.
7. Васильев Л.С. Становление политической администрации (от локальной группы охотников собирателей к протогосударству-chiefdom) // Народы Азии и Африки. 1980, № 1. С. 41.
8. Аннерс Э. История европейского права. М.: Наука, 1994. С. 276 (шведский историк права).

УДК 343.915

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ЖАЗАТАҒАЙЫНДАУДЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Марденова Айгерім Қанатбекқызы

aigerchik_9510@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультетінің құқықтану мамандығының
3-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Ашимова Э.А.

Кәмелетке толмағандармен жасалған қылмыстардың жоғары үлесі өзімшіл, пайдакүнемдік және қатыгездігімен ерекшеленеді. Жыл сайын осындай қылмыстардың саны өсіп, әсіресе жасөспірімнің психологиялық ерекшелігіне сай келетін топтың бірлесіп жасаған қылмыстары жиі қайталанады. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстардың өсу ерекшеліктері заң шығарушы органдардың кәмелетке толмағандарға қолданатын қылмыстық жауаптылықты мұқият реттеудің қажеттігін көрсетеді. Кәмелетке толмағандардың құқықбұзушылыққа баруы этникалық қақтығыс, отбасылық қарым-қатынастардың жағымсыз дамуы, кәмелетке толмағандарға қатыгездікпен қараудың және кәмелетке толмағандар арасындағы қатыгездіктің әр түрлі көріністерінің өсуі, жалпы халықтың моральдық дәрежесінің төмендеуі, әлеуметтік әл-ауқаттың қарқынды нашарлауы сияқты себептермен тығыз байланыты. Бұл жағдайда бірінші кезекте әлеуметтік, экономикалық, білім беру және профилактикалық шаралар ескеріледі. Дегенмен, қылмыс жасалғаннан кейін кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы туралы мәселе пайда болады [1].

Қылмыстық кодексінің 80-бабының 1-тармағында осы бөлімнің күші қолданылатын кәмелетке толмағандар деп қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытқа қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар танылады деп жазылған [2]. Бұл ерекшеліктертер Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлімінің ережелерінен ауытқу болып табылады; олар кінәліні тек жасқа байланысты окшаулап, барлық жауаптылық пен жазаны жұмсартуға бағытталған. Сондықтан, кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстар туралы істер бойынша сот қылмыскердің нақты жасын (күні, айы, туған жылын) анықтау жөнінде міндетті шаралар қолдану керек.

Осы мәселеге байланысты Қазақстан заңнамасы шегінде жазылған еңбектер көп емес. Соңғы еңбектердің арасынан кәмелетке толмаған қылмыскерлердің кешенді психологиялық-психиатриялық сараптамаының күрделі мәселелері аталып өткен Ф.Сафуановтың «кәмелетке толмаған айыпталушылардың психологиялық және психиатриялық сараптамасы» атты еңбегін атап өтуге болады. Сондықтан кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстықты алдын алу шаралары туралы мәселе Қазақстанда әлі нашар дамыған деп айтуға болады.

Аталып өтілген мәселе берілген мақаланың өзектілігін айқын көрсетеді. Осылайша, жұмыстың мақсаты Қазақстан Республикасындағы кәмелетке толмаған қылмыскерлерге қарсы жазатағайындау барысында қолданылатын жазалардың сипаты мен сипаттамаларын анықтау болып табылады.

Қылмысқа қарсы күрес практикасы қазіргі жағдайда қылмыстардың, оның ішінде кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстардың, дәйекті қысқаруының жүзеге асырылуы біркелкі емес екендігін көрсетеді. Бұндай практика қылмыстардың динамикасының әр түрлі кезеңдердегі төмендеу жылдамдығы, оның деңгейін, уақытша бірқалыптылығын және кейбір аудандарда ерекше өсу сияқты өзгерістерді көрсету мүмкіндігіне әсер етеді.

Криминологтардың пайымдауынша, аймақтық және басқа да сипаттамалардың ескерілуімен қылмыстың алдын алу жүйесінің ағымдағы мақсаттары салыстырмалы кең түрде дифференциялануына болады (қылмыстардың жеке түрлерінің тұрақтануы мен құлдырауынан бастап айтарлықтай төмендеуіне дейін) [3].

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығын арнайы криминологиялық алдын алудың негізгі объектісі болып: тұлғаның қалыптасуына әлеуметтік және моральдық жағымсыз әсер ететін криминогендік факторлар; түрлі шиеленістіруші жағдайлар; объективті түрде құқықбұзушылыққа итермелейтін сырттай әсер ететін жағдайлар болып табылады.

Статистикалық мәліметтер кәмелетке толмаған қылмыскерлерге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза нәтижесіздігін, ал кейде кері әсерін тигізетіндігін дәлелдейді [4]. Сондықтан алғашқы назар қылмыстық атқарушылық құқықтың орындалуына және пенитенциарлық органдардың жұмысының дәрежесінің өсуіне аударылуы керек.

Қоғамдық қауіпсіздікке көбінесе қылмыстардың қайталануы қауіпті көріністердің бірі болып табылады. Жазасыздықты сезіну және құқықтық нигилизмнің әсері жасалған қылмыстан ауыр санатты қылмыстарды жасауды туғызады. Осы қоғамдық қауіпті қылмыстардың басым бөлігі кәмелетке толмағандармен бұзақылық ретінде жасалып, қоршаған ортамен жағымсыз тағдыр мен қылмыстылық ретінде түсініледі. Қоғамның осы тұжырымы кәмелетке толмағандардың бұл «бұзақылығы» ересектердің дұрыс түсінбеушілігі себебінен қылмыстылықтың ауыр түріне айналып, соттылық атағы мерзімдік дәрежеден өмірлік атаққа айналады [5].

Қазіргі таңда теориялық салада жұмыс істейтін ғалымдар кәмелетке толмағандарға бас бостандығын айыру жазасының мерзімін анағұрлым азайту мәселесіне жиі тоқталады. Яғни, бұл тәжірибе кәмелетке толмаған қылмыскерлерге жазасын өтеу орындары туралы жағымсыз ой қалдырмай, қысқа мерзім ішінде қоғамға ерсі қылықтарға үйренуге мүмкіндік бермейді.

Көптеген шет елдер осы тәжірибені оң нәтижелі қолданып келеді. Мысалы Швейцарияның қылмыстық кодексіне сәйкес 15-18 жастағы кәмелетке толмағандарға 14 күнге дейін қамауда ұстау және бір жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады [6]. Кәмелетке толмағандарға қатысты қысқа мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағы Германияның және Францияның заңдарымен бекітілген.

Қазақстан Республикасының заңнамасына қарағанда Германияның қылмыстық және қылмыстық атқарушылық заңнамасында кәмелетке толмағандарға арналған үш сатыдағы санкциялар қарастырылады:

1. Тәрбиелеуде көмек көрсеткіш (Bie zur Erziehung) болатын нұсқаулар (Weisungen) мен ережелерге бөлінетін тәрбиелеу шаралары (Erziehungsmassregeln).

Нұсқауларға кәмелетке толмағандарды орналастыру орны; отбасымен тұру немесе әлеуметтік орталықта болу; белгілі бір лауазымды тұлғаның бақылауында болу-болмау; сабақпен немесе белгілі бір жұмыспен айналысу; әлеуметтік тренинг курстарына қатысу; жәбірленушімен татуласу; белгілі бір тұлғалармен қарым-қатынасты үзу; ойын-сауық және көңіл көтеретін жерлерге бармау; жолда жүру ережесін оқу сияқты ережелер қарастырылады.

2. Ескерту шаралары (мәжбүрлеу құралдары) (Zuchtmittele): Ескерту (Verwarnung), міндеттер (Auflagen) және тұтқындау (Jugendhaft).

Ескерту шарасы ретінде міндеттер келесі түрлермен ерекшеленеді:

1. Қылмыс жасау барысында келтірілген залалдың орнын толтыруға болатын шығындарды өтеу;
2. Жжәбірленушіден жеке түрде кешірім сұрау;
3. Қоғамдық жұмыстарды орындау;
4. Қоғамдық пайдасы бар орталықтарға ақылы түрде септігін тигізу

.Осы заңнама бойынша ювеналдық қылмыстық құқықта санкцияның соңғы және ең қатал сатысы - бас бостандығынан айыру болып табылады. Және бас бостандығынан айыру тек тәрбиелік жұмыстар мен түзету жұмыстарының нәтижесіз болған жағдайында ғана қолданылады[7].

Бас бостандығынан айыру — ең қатал жазалардың бірі. Еуропаның басқа да мемлекеттері сияқты, Германияның қылмыстық кодексінде кәмелетке толмағандар үшін жазаның бұл түрі санкциялау жүйесінде аса үлкен маңызға ие емес. В.Хайнцтың ескертулері бойынша санкцияның неғұрлым қатаң болуы рецидивтің болу мүмкіндігінің өсуіне әкеліп соғады[8]. Сотталғандардың субмәдениетінің болу себеінен жазаның бұл түрінің тәрбиелік әсері ғылыми әдебиеттерде әрдайым күмән туғызады. Соған байланысты шетел және мемлкеттік ғалымдардың пайымдауынша түрме жүйесі кәмелетке толмаған қылмыскерлерді қайта тәрбиелеуге және қайта әлеуметтендіруге қабілетті емес. Бас бостандығынан айыру түріндегі жаза басым жағдайларда жазалау және қоғамды қылмыскердің болуынан қорғау мақсатында қолданылады деп тұжырымдауға болады.

Осы жас аралықтағы тұлғаларға Қылмыстық кодексте ерекше тарау бөлуі олардың әлеуметтік-психологиялық бейімшілділігімен түсіндіріледі. Он төрт жастан он сегіз жас аралығындағы кәмелетке толмағандар бір жақтан осы жаста жоғары әлеуметтендіру деңгейіне (олар тәуелсіздік, табандылық, өзгелердің мінез-құлқын бақылауға қабілеті, өзін-өзі бақылау) жетсе, екінші жағынан - кәмелетке толмағандар толықтай тұлға болып қалыптаспаған (мектепті немесе колледжді әлі аяқтамаған, олар қоғамдағы орнын түсінбеді, тұлғааралық қарым-қатынаста тәжірибесі аз). Бұл жастағы тұлғаларға барлық мән-жайларды ескермей шешім қабылдау, қызбалық, тұрақсыздық, ашуын өзінде ұстау қабілетсіздігі тән болып табылады[9].

Германияда тәрбиелік шаралар кәмелетке толмағандарға әсер ету шарасы ретінде маңызы зор және де оларға мемлекет аясынан үлкен көңіл бөлінеді. Олар жазалаушы сипатқа ие емес, әрі кәмелетке толмағандарды тәбиелеуге(тәрбиелеріндегі кемшіліктерін жою) және тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған. Германия соттарында жаза тағайындау барысында негізгі критерий ретінде кәмелетке толмаған қылмыскермен жасалған қылмыстың ауырлығы емес, оған байланысты тәрбиелік шаралардың қолдану маңызы мен сол тәрбиелік әсерді қабылдау қабілеті саналады[10].

Қазіргі таңда біздің елде де теориялық салада жұмыс істейтін ғалымдар кәмелетке толмағандарға бас бостандығын айыру жазасының мерзімін анағұрлым азайту мәселесіне жиі тоқталады. Яғни, бұл тәжірибе кәмелетке толмаған қылмыскерлерге жазасын өтеу орындары туралы жағымсыз ой қалдырмай, қысқа мерзім ішінде қоғамға ерсі қылықтарға үйренуге мүмкіндік бермейді.

Әдетте қиын жасөспірімдердің тұлғасы әлеметтенудің төмен дәрежесінде көрініс табады және негізгі үш салалардың (олар: тәрбиелеу, отбасындағы және мектептегі) қолданыстағы жәрдемсіздігін көрсетеді. Алайда осы жасөспірімдердің тұлғасына кері әсер ететін қоғам, шыдамсыздық және психологиялық ерекшеліктер сияқты өзге де жағдайларды ескерген жөн.

Кәмелетке толмаған қылмыскерлермен кездеу жүргізген Л.И.Нека бұл тұлғаларда адамдық, моральдық және азаматық борыш деген түініктер мен өз әрекеттерінің әлеумет алдында лайықты-лайықсыздығы туралы ұғымының болмауы туралы айтып өткен. Жас адам өзінің қалаулары мен бейімділіктерінің құлына айналады. Олардың өмірлерінің қажеттілігі ең қарапайым материалдық қажеттіліктеп шектеледі. Бұл адамдар өздерінің кез келген қалауларын қанағаттандыру жолында заңды да заңсыз да әрекеттерге

дайын.Сұхбатнамадан өткен ұрлық, бұзақылық, тонау жасағаны үшін сотталған жасөспірімдердің жартысы жазаның тым қатал екендігін айтып, өз әрекетінде жамандық көрмейтіндігі туралы екерген. Ал респонденттердің үштен бірі қылмыстық құқықбұзушылыққа өздерінің ерігінің жетіспеушілігі үшін барғанын мәлімдеді[11].

Кәмелетке толмағандарды қылмыстық жазалаудың сипаттамасы тек олардың жасына қарай ерекшелінбейді,- жазалау сипаттамасы криминогендік бейнеге де тән болады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бойынша кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлері:

- 1) белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
- 2) айыппұл;
- 3) түзеу жұмыстары;
- 4) қоғамдық жұмыстарға тарту;
- 5) бас бостандығын шектеу;
- 6) бас бостандығынан айыру болып табылады[2].

Сот тәжірибеде кәмелетке толмағандарға жаза тағайындау барысында ізгілік қағидасын қолдану жиі кездеседі. Ғалымдар осы қағиданың негізі болып табылатын екі аспектіні көрсетеді:

1. Қылмыскерге әр қоғам мүшелеріне тән моральдық мағынадағы тиісті жазаны қолдану;

2. Әлеуметтік және қоғамдық қауіпті объективті қарастыру[12].

ҚР Қылмыстық кодексінің 6-бөлімінде кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың әлеуметтік осалдығын айқын көрсетеді. Бірақ осы жастағы қылмыскерлердің арасындағы рецидивтің алдын алу үшін осындай әр қылмысты ерекше жағдай ретінде қарастыру керек. Яғни, әр қылмыскердің қылмыс жасаған сәттегі физикалық және психикалық жай-күйін, оның өмірінің мән-жайын, тәрбиелеу процессіндегі әлеуметтік дәрежесін білу қажет. Өйткені, бұл жастағы жасөспірімдер әдетте психикалық және әлеуметтік жеке тұлға болып әлі жетілмеген, сондықтан кәмелетке толмағандарды түзету жұмыстары алдымен тәлім-тәрбиелік сипатқа бағытталуы керек.

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылықпен күрестің маңызды аспектісі болып бас бостандығынан айыру жазасынан басқа да жаза түрлерін тағайындау болып табылады. Зерттеудің қорытындысы бойынша кәмелетке толмағандар арасында жиі жасалатын қылмыстар пайдакүнемдік бағытта болады [13]. Осылайша кәмелетке толмағандармен жасалатын басым қылмыстар мүліктік сипатта жүреді. Сол себептен меншікке қарсы жасалған құқық бұзушылықтар үшін кәмелетке толмаған қылмыскерлерге айыппұл және түзеу жұмыстары сияқты жазаларды қолдануның маңызы бар.

Ювеналдық юстиция туралы еңбектермен қоса сот тәжірибелеріне шолу жасай отырып келесі жасалатын ұсыныстар тәжірибеде кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылықтың кемуіне өз септігін тигізуі мүмкін:

- Тұңғыш рет ауырлығы отраша қылмыс үшін 14-15 жастағы кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру немесе шектеу жазасы тағайындалмайды; осы дәрежедегі қайта жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін кәмелетке толмағандарға 2 жылға бас бостандығын шектеу жазасын тағайындау;

- 16-17 жастағы кәмелетке толмағандарға ауырлығы отраша қылмыстық құқықбұзушылық үшін 2 айға дейін, осы дәрежедегі құқықбұзушылық қайталанған жағдайда 3 жылға бас бостандығын шектеу түрінде жаза тағайындау;

- Ауыр қылмыс үшін 14-15 жастағы құқықбұзушыларға 1 жылдан 3 жылға дейін, ал 16-17 жастағы кәмелетке толмағандарға, жылдан 2 жылдан 5 жыл аралығында бас бостандығын шектеу немесе айыру түрінде жаза тағайындау;

- Аса ауыр қылмыстар үшін 14-15 жастағы кәмелетке толмағандарға 3 жылдан 5 жылға дейін, 16-17 жасқа арасындағы кәмелетке толмағандарға 5 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе айыру түрінде жаза тағайындау;

-Қылмыстық кодекстің 6-бөлімінде көретүлген бас бостандығынан шектеу мен бас ботандығынан айыру жазаларын санамағанда, басқа жаза түрлерін қосымша жаза ретінде алдында ұсынылған жазалармен қатар қолдану;

- Кәмелетке толмаған қылмыскерлерге арналған бас бостандығынан айыру мерзімін Швейцария мен Германия заңнамасына сәйкес анағұрлым қысқарту;

- Дамыған елдер тәжірибесі бойынша «әділеттілікті тәрбиелеу бағдарламасын» құрастыру, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылықпен күресу тәжірибесінде қолдану;

- Кәмелетке толмағандар қылмыскерлерге және олардың ата-анасына арнайы әлеуметтендіру мақсатында тренингтер мен кездеулер шараларын өткізу;

- Германияның кәмелетке толмағандардың арасындағы қылмыстылықпен күресу тәжірибесінде қолданылатын, үш сатылы қылмыстық жазалау және тәрбиелеу шаралары қарастырылған мемлекеттік жүйе құрастыру.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бабаев М.М. Индивидуализация наказания несовершеннолетних/ кәмелетке толмағандардың жазасын жекелеңдіру. - М., 1968. -73бет;

2. Казакстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдеде қабылданған;

3. Гровина А. А., Кошечов В. П. и др. Уголовная ответственность несовершеннолетних/ Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы. М.: Юрид.лит., 1999. –69бет;

4. Тетюев С. Заключение под стражу несовершеннолетнего // Уголовное право/ Кәмелетке толмағандарды қамауға алу. Қылмыстық құқық – 2012. – № 1. 102 бет;

5. Маколи М. «Дети в тюрьме»/ «Түрмедегі балалар».-М.:О.Г.И., 2008жыл -216 бет;

6. Коновалова И. А. Уголовная ответственность и наказание несовершеннолетних, совершивших корыстные преступления // Новый юридический журнал/ Пайдакүнемдік қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға қылмыстық жауаптылық және жаза. Жаңа заңдық журналы – 2013жыл – № 2– 152 бет;

7. Вестник Балтийского федерального университета им. И. Канта. И.Кант атындағы Балтық федералдық университетінің Жаршысы -2012жыл. 9шығ.- 128бет;

8. Прозументов Л.М. «Групповая преступность несовершеннолетних и ее предупреждение»/ «Кәмелетке толмағандардың топтық қылмыстылығы және оны ескерту»- Томск – издательство Томского университет-1993- 152 бет;

9. Коряковцев В.В., Питулько К.В. Уголовное право: Общая часть. - СПб.: Питер, 2008.

10. Вестник Балтийского федерального университета им. И. Канта. И.Кант атындағы Балтық федералдық университетінің Жаршысы- 2012жыл. 9шығ.-133бет;

11. Нека Л.И. Общие проблемы правосудия по делам несовершеннолетних // Кәмелетке толмағандардың істері бойынша басты мәселелер, 2007. - № 1.85 бет;

12. Под науч. ред. В.Ф. Воробьева, Е.Д. Волоховой, А.В. Заряева Основы ювенального права Учебное пособие/ Ювеналдық құқықтың негіздері. Т. II. - Воронеж: ВИ МВД России, 2003. – 67бет.

13. Лядов Э. В. О применении к несовершеннолетним видов уголовного наказания, альтернативных лишению свободы // Вестник Самарской гуманитарной академии. Серия: Право/Кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айырудан басқа альтернативті қылмыстық жаза қолдану туралы// Самара гуманитарлық академиясы журналынан. Серия: Құқық – 2009. – №2. – 77 бет.